

2021 жылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралар бойынша есеп

«Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың» 19-тармағын орындау үшін «БЖЗҚ» АҚ-да (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) 2021 жылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша келесі іс-шаралар өтті:

1. Қор Басқармасы сапаны бақылау басқармасына «БЖЗҚ» АҚ комплаенс қызметінің (оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс) функциясын жүктеген болатын (Басқарманың 26.05.2021 жылғы № 35 хаттамасы).

2. Қор Басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функциясын жүктеу туралы отырысы хаттамасының үзінді көшірмесінің көшірмелері Қордың корпоративтік интернет қорына орналастырылды, сондай-ақ Қордың барлық қызметкерлерінің назарына жеткізілді.

3. Қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «БЖЗҚ» АҚ шешімімен (2021 жылғы 03 шілдедегі № 45 отырыс хаттамасы) «БЖЗҚ» АҚ комплаенс және сапаны бақылау басқармасы туралы ереже әзірленді және бекітілді.

4. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісім» нысаны әзірленді және мемлекеттік функцияларды немесе оларға теңестірілген функцияларды орындауға уәкілетті тұлғалар ұғымына сай келетін Қор тұлғаларымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімге» қол қою бойынша іс-шаралар өткізілді.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жобасы әзірленді және «БЖЗҚ» АҚ жанындағы Қоғамдық кеңеске талқылауға шығарылды, ұсыныстар мен ескертулерді алу үшін құжат жобасы Қордың интернет қорына орналастырылды.

6. Қор Басқармасы «БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты бекітті («БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 17.09.2021 жылғы № 64 хаттамасы). «БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қордың ресми интернет қорына орналастырылды.

7. 2021 жылдың екінші жарты жылдығына «БЖЗҚ» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту бойынша іс-шаралар жоспары әзірленді және Қор Басқармасы бекітті («БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 15.09.2021 жылғы № 46 хаттамасы).

8. Әзірленген презентация материалдарын пайдалана отырып, ОА дербес бөлімшелерінің басшылары, Қор филиалдары директорларының, директорлары орынбасарлары арасында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы мәселелері және "БЖЗҚ" АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының талаптары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

9. «БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жобасы әзірленді және Қор Басқармасы бекітті («БЖЗҚ» АҚ 08.10.2021 жылғы № 70 хаттама). «БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Қордың ресми интернет қорына орналастырылды.

Қазақстан Республикасы заңнамасын мониторингілеу

2021 жылы «БЖЗҚ» АҚ қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасындағы, оның ішінде зейнетақы заңнамасындағы маңызды өзгерістер туралы жалпы ақпарат.

2021 жылғы 2 қаңтарда "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" № 399-VI Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, ол арқылы салымшылардың (алушылардың) тұрғын үй жағдайларын жақсарту, емделуге ақы төлеу мақсатында, сондай-ақ жеке басқарушы компанияларға инвестициялық басқаруға беру үшін міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен біржолғы зейнетақы төлемдеріне құқығын көздейтін "Қазақстан

Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2021 жылғы 01 қаңтардан бастап еңбек етуші мигранттарды зейнетақымен қамсыздандыруға қатысты Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 желтоқсанда ратификацияланған 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісім күшіне енді.

2021 жылғы 01 мамырдан бастап "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 399-VI Заңының нормасы қолданысқа енгізілді, оған сәйкес ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу үшін жеке зейнетақы шоты (ЖЗШ) ЕЗЖ аудару кезінде агенттер Қорға ұсынатын жеке тұлғалар тізімдерінің негізінде, яғни өтінішсіз тәртіпте ашылады.

2021 жылғы 01 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодекс қолданысқа енгізілді.

2021 жылғы 24 қазаннан бастап "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 12 қазандағы № 67-VII Қазақстан Республикасы Заңының нормасы қолданысқа енгізілді, оған сәйкес МКЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ агенттердің МКЗЖ аудару кезінде Қорға ұсынатын жеке тұлғалардың тізімдері негізінде, яғни өтінішсіз тәртіпте ашылады.

Ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру

2021 жылы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестендіруге және Қордың үдерістерін оңтайландыру мақсатында 139 ішкі нормативтік құжаттар өзектендірілді.

Уәкілетті органның ықпал ету шаралары мен санкцияларын қолдану

№ п/п	Тексерісті жүзеге асыратын уәкілетті органның атауы	Тексеріс мәні және тексеріс жүргізу мерзімі	Анықталған жөнсіздіктер	Ықпал ету шаралары/санкциялар атауы	Орындалуы туралы ақпарат
1	2	3	4	5	6
1	«Шығыс Қазақстан облысының Мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» ММ	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтау (ҚР ЕК 23-бабы) Тексеріс кезеңі: 24.02.2021ж.- 10.03.2021ж.	«Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР Заңының 28-бабының 1-тармағының 6-тармақшасы. Мүгедектерге арналған жұмыс орындарының квотасы сақталмаған.	«Әкімшілік құқықбұзушылықта р туралы» ҚР Кодексінің 98-бабының 1-тармағының 4-тармақшасына сай «ескерту» түрінде жаза	07.06.2021ж. мүгедектігі бар азамат жұмысқа қабылданды

2	«Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар бойынша министрліктің Нұр-Сұлтан қ. ТЖД «Сарыарқа» ауданының төтенше жағдайлар бойынша басқармасы» ММ	Өрт қауіпсіздігі аясында Қазақстан Республикасының нормаларын, қағидаларын, техникалық регламенттері мен стандарттарын сақтау. Тексеріс кезеңі: 04.01.2021ж.- 04.05.2021ж.	«Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы» ҚР Кодексінің 410-бабының 1 бөлігі Өрт қауіпсіздігі қағидаларының талаптарын бұзушылықта р анықталды	«Әкімшілік құқықбұзушылықта р туралы» ҚР Кодексінің 410-бабының 1-бөлігіне сай «ескерту» түріндегі әкімшілік жаза	Барлық жөнсіздіктер жойылды
---	--	---	--	---	-----------------------------

Салымшылардың (алушылардың) шағымдарын мониторингілеу.

Шағымдар халықтың Қорға деген қарым-қатынасы туралы, Қордың және салымшылардың (алушылардың) өзара іс-қимылындағы проблемалық орындар туралы, Қор ұсынатын қызметтерді пайдалану кезіндегі қиындықтар туралы ақпарат алудың аса маңызды көздері болып табылады. Шағымдарды дұрыс сәйкестендіру және қарау салымшыларға (алушыларға) қызмет көрсету барысын жақсартуға көмектесетін жаңа ақпарат береді. Шағымдарды сәтті шешу және жою Қордың беделін арттыруға және Қордың қоғамдық сенімін нығайтуға көмектеседі.

2021 жылы Қорға салымшылардан (алушылардан) зейнетақы қызметтерін көрсету сапасына 370 шағым түсті, оның ішінде 14 шағым расталған.

Алаяқтық және сыбайлас жемқорлық

2021 жылы «БЖЗҚ» АҚ-да алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жүзеге асырылу деректері анықталған жоқ.

«БЖЗҚ» АҚ-ға қарсы сыбайлас жемқорлықтың құқық бұзушылықтары мен алаяқтық жасау жағдайлары болған жоқ.

Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлерін қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тарту, сыбайлас жемқорлықтың құқық бұзушылық немесе Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұзу фактілері бойынша олардың қатысуымен сот талқылауларын жүргізу жағдайлары болған жоқ.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл

2021 жылы "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV заңына төмендегілерге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

1. Елге қатыстылығына қарамастан, жария лауазымды тұлғалар (ЖЛТ) жүзеге асыратын операциялар бойынша бақылауды заңнамалық деңгейде белгілеу.

Осылайша, ұлттық жария лауазымды тұлғалар қаржы мониторингі субъектілерінен тиісті қызметтерді алған кезде шетелдік жария лауазымды тұлғалармен (ШЖЛТ) тең дәрежеде клиенттердің қосымша тиісті тексерінен өтетін болады.

Бастама қаржылық айқындылыққа қол жеткізуге және саяси маңызы бар лауазымды тұлғалардың сеніп тапсырылған өкілеттіктерін пайдалануына байланысты құқық бұзушылықтардың ықтимал жолын кесуге бағытталған.

2. Заңды тұлғалардың құзыретті органдарға түпкі бенефициарлар туралы жеткілікті, нақты және уақтылы ақпарат беруін қамтамасыз ету.

Өзгерістер Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкімен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің белгілі бір қаржы мониторингі субъектілерінің (қаржы ұйымдарының) бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтерді ұсыну нысанын белгілеуін көздейді.

Бұл бастама жүргізілетін операциялар бойынша тікелей пайда алушыны айқындау мақсатында ұсынылатын ақпараттың толыққанды болуына қол жеткізуге бағытталған.

Өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 19 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

Заң департаменті кірісті жылыстату және террористерді қаржыландыру тәуекелдерін басқару шеңберінде, "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 12 қазандағы № 95 қаулысының 7 және 14-тармақтарына және БЖЗҚ Басқармасының шешімімен (2018 жылғы 07 желтоқсандағы №92 хаттама) бекітілген "БЖЗҚ" АҚ үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі қағидалардың 31-4-тармағына сәйкес, жыл сайынғы негізде (бірінші қаңтардағы жағдай бойынша есепті жылдан кейінгі екінші айдың 25-күніне дейінгі мерзімде) және (немесе) қажеттілігіне қарай Қордың Басқармасы мен Директорлар кеңесіне Қор қызметтерінің кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелдеріне (КЖ/ТҚ) ұшырағыштығын, сондай-ақ клиенттердің (салымшылардың/алушылардың) тәуекелдер деңгейлерін бағалау туралы есепті (бұдан әрі-Есеп) ұсынады. Есеп қор қызметтерінің КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесі туралы мәліметтерді, клиенттердің операцияларын сәйкестендіру және мониторингілеу рәсімдерін өзгертуді қоса алғанда, анықталған тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған ықтимал іс-шаралардың сипаттамаларын, сондай-ақ:

1) КЖ/ТҚ аясында заңнама талаптарын;

2) Қор қызметтерінің тәуекелдердің мынадай ерекше санаттарын ескере отырып КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау деңгейін бағалау бойынша іс-шаралар: клиенттердің типі бойынша тәуекел, елдік (географиялық) тәуекел және қызмет және (немесе) оны көрсету тәсілінің тәуекелі;

3) КЖ/ТҚ аясында БЖЗҚ қызметкерлерін оқыту бойынша іс-шараларды қамтиды.

Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі бойынша агенттігінің интернет қорында Қазақстан Республикасының тәуекелдерін Ұлттық бағалау туралы есептері жарияланған.

<https://www.gov.kz/memleket/entities/afm/press/article/details/61029?directionId=791&lang=ru>